

жалған айыппен түгелге дерлік атылды. Міне, азаттық үшін алысқан Алаш ардақтыларының тағдыры осылай аяқталды. Олар өмірден озғанмен олардың ұстанған жолы, көрсеткен бағыты, азаттық үшін төккен терлері зая кетпеді. Әлихан Бөкейханов – мемлекет қайраткері, ол тарихтың жаңа ХХ ғасыр белесіндегі аласапыран заманында Алаш-Орда мемлекетін құрды, оның тұңғыш өкіметін басқарды.

«Әлихан Бөкейханов – алып тұлға. Әлихан – қазақ зиялыларының кемел бейнесі... Мені қызықтырған оның көзқарасында прогрессивтік және еуропашылдық идеямен қатар, қазақ дәстүрін, қазақтықты сақтап қалу идеясы болды»-дейді Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеу орталағының профессоры Уяма Томохико. Сонымен қатар, Әлихан бабамыз Әз Жәнібек, Керейден, Абылайдан кейін қазақ мемлекеттігін жаңғыртып, ХХ ғасырға сай қайта құру ісіне бар өмірін арнады. Осы ұлы істе алты алаштың ту көтерер ұлдарын соңына ертті. 35 млн мұсылман халқының, оның ішінде түркітөктес халықтардың мұң - мұқтажын жоқтады.[4,135] Сондықтан да ол «Алты Алаштың Әлиханы» атанды. Философиялық көзқарасы жағынан да Әлихан ХХ ғасырдағы әлемдік алып тұлғалардың қатарынан табылады.

Әлихан Бөкейханов – бүгінгі тәуелсіздіктің қайнар бұлағы, ХХ ғасырдағы қазақ ұлтының атасы. Жаны таза, рухани бай игі қасиеттерді бойына сіңірген жалпы адами құндылықтарды меңгерген, қоғамдық жоғарғы мұраттары мақсаттарына сай келетін жеке тұлғаны қалыптастыру. ХХ ғасырдағы қазақтың мемлекет қайраткері, тамаша ғалым, зерттеуші, публицист, әдебиетші, ұлт азаттық қозғалысының қолдаушысы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға замандастары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Жұмабаев зор құрметпен қарап, оның тарихи орнын дәл бағалағанымен, Кеңес уақыты кезінде бұл қасиетті есімді қазақ санасынан жою үшін жасалған қиянаттар жеткілікті.

Бұлт сейілді. Аспан ашылды. Анық Әлихантану енді басталды. Біз енді Әлихан атамыздың қолда бар шығармашылық мұрасына тоқталып, оның басты арналарына назар аударамыз. Өзінің көзі тірісінде қазақтың саяси да рухани көсемі танылған Әлихан Бөкейханның қалдырған бай және мол мұрасының бір үлкен саласы – қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми – публицистикалық туындылары, аудармалары болып табылады. Алаш қозғалысы мен қазақтың тұңғыш саяси партиясы көсемінің бұл бай мұрасын зерттеу бүгінгі Қазақстан Республикасының ұлттық интеллектуалдық меншігінің құн жетпес игілігі болып табылатындығына көз жеткізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлихан Бөкейхан шығармаларының толық жинағы IV том Астана, 2001ж;
2. Міржақып Дулатов, «Оян, қазақ!», Атамұра, 2003 жыл;
3. М. Қойгелдиев, Әлихан Бөкейхан шығармалары, Алматы, 1994 жыл;
4. ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін, Мақалалар жинағы, Қарағанды, 2007

## АБАЙ ЖӘНЕ ТАҢЖАРЫҚ

*Смағұлов Ж.Қ., ф.ғ.д., профессор,  
Нұртай А., студент,  
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Ақындық өнердің ерен жүйрігі, Қытайдағы қазақ әдебиетінің классигі Таңжарық Жолдыұлы - Абайдың сөз өнеріне терең бойұрған, Абай мұрасын жете сіңірген ақындардың бірі және бірегейі.

Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақындарға Абай әсер-ықпалы аз болмаған. Өйткені ХХ ғасырдың алғашқы жарымында Абай мұрасының идеялық-эстетикалық терең мәні Қытайдағы қазақ әдебиетшілерінің де үлгі-өнегесіне айналған-ды. Біріншіден, Абай шығармалары қалың қауымға рухани нәр берсе, екіншіден ақындықты мұрат еткен өнер иелерінің адастырмас темір қазығы болды. Демек олардың кемелденіп, рухани жетілуіне тірек болған қайнардың бірі Абай мұрасы болған. 1

Абай мұрасын бойына сіңірген дарынды да дауылпаз ақын, халқымыздың біртуар перзенті, қазіргі заман қытай-қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, дүние жүзі қазақ әдебиетінің уәкілі - Таңжарық Жолдыұлы 1903 жылы қазіргі Іле қазақ автономиялы облысы Күнес ауданының

орталығы Бестөбе қалашығының шығыс оңтүстігіндегі Қамысты деген жерде дүниеге келген. 1910 жыл шамасында Таңжарық өзімен рулас, қазақтың ескі әдебиет үлгілері мен ислам құндылықтарына жетік, араб, парсы әдебиетін терең білетін Мыңбай атты молдадан сауат ашады. Сол кісіден дін ілімі мен араб әліппесі негізіндегі шағатай жазуын үйренеді. Тумысынан сұңғыла Таңжарық ұстазының көңілінен шығады. Мыңбай молдада үш қыс оқиды. 1916 жылы әкесі Жолдының руластары орыс жерінен қашып келген Әбділхамит әпенді деген татар оқымыстыны жалдап, балаларын оқытады. Оқуға шарифат сабағынан тыс, есеп, тарих, жағрапия пәндері қосылады. Таңжарық осы Әбділхамит әпендіден екі жыл тәлім алады. 1918 жылға келгенде Шақып деген жерде арнаулы мектеп салынып, Таңжарық сол мектептің жоғарғы сыныбына қабылданады. 1919 жылы сол кездегі Іледегі ең жоғары оқу орны саналатын «Күре шуетаңына» оқуға барады.

Таңжарық Жолдыұлы Ресейде Қазан төңкерісі жеңіс тауып, социалистік кеңес одағы құрылғанда, 1923 жылы қаңтарда бәйгекөкпен Қазақстан жеріне өтеді. Ол жерде 3 жылдай тұрып, білім бұлағынан сусындап, Абай және Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қазақ ақын-жазушыларының, Пушкин сияқты орыс классиктерінің шығармаларымен танысып, білім өресін жоғарылата түседі. Ақынның «Жаз дидары», «Заманың қу боп барады» сияқты әр тақырыпта жазған өлеңдері ақынның домбыраға қосып, өр дауыспен әуендегіп, құйқылжытып айтуы арқылы ел ішінде кең тарап кетеді. 2

Сөздері басқа ақынның маған мәлім,  
Құрт салған шайдай іріп былғанады.  
Бәрін де Абай сөзі басып түсер,  
Бір парша шеттен алып қырнағаны,-

Деп Таңжарық Жолдыұлының Абай сөзін бәрінен артық көріп, «Бәрін де Абай сөзі басып түсер!» деп аса жоғары бағалауы тегін емес. Ақынға Абай шығармашылығы, Абай сөз өнерінің құдіреттілігінің әсер етуі оның Қазақстанда болған жылдарының жемісі деп білеміз. Ақынның Қазақстанда бірнеше жыл болып, білім алуы қоғамдық ой-санасының кеңеюіне, шығармашылық жақтан толысуына әсер еткен. Өз халқының тағдырына күйініп, әділетсіздіктің қыл бұғауынан құтылуды ойлаған Ахмет, Міржақып қатарлы қайраткерлердің, Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Сұлтанмахмұт сынды ақындардың шығармаларымен танысуы оның ерте оянып, халқының қамын ойлайтын күрескер ақын ретінде қалыптасуына айтарлықтай рөлі болған. Ақынның ілгерінді-кейінді жазған кейбір шығармаларының өзек өрімінен Абай әсерін аңғару қиын емес. Өлең-сөздің құдіретін жете түсінген дана Абай:

Өлең -сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,-  
деп, өлеңнің өлшемін жасап берсе, Таңжарық:  
Ақынға жағар жұрттың тыңдағаны,  
Ол сонда өршеленіп, шыңдалады.  
Ой ашық, сөйлеушісі дана болса,  
Сол кезде сөз дәмді боп тыңдалады,-  
деп Абай сөзін басқаша, яғни өзінше айтуға ден қойған:

Ақиқат, анық айтып, шынын сөйле,  
Жарамсыз, жалған сөзге кім нанады.  
Білетін терең сөзді білгіштерге,  
Жұмбақ сөз, перде ішіне ымдалады.  
Көңілсіз, көрсе қызар, тез оңғыштар,  
Су тимей жауын жаумай дымданады.  
Шыққан сөз білімдіден білгіш көрсе,  
Таразы талқысында сыналады,-

деген жолдардан ақынның Абайша айтуға ұмтылғанын аңғару қиын емес. Басқаша айтқанда Абай әсерін бірден аңғаруға болады.

Таңжарық Жолдыұлының азаматтық көзқарастарының толысып, елдік, ұлттық мәселелерге барынша ден қойған шағында жазған өлеңдерінен де Абайдың теңеу сөздерін, айшықты ойларын

кездестіреміз:

«...Қу борбай, сымпыс-шолақ, бота тірсек,  
Шауып жүр аузын ашып, алар пұлға.  
Талғамай, тайынбай жеп «түзеймін» деп,  
Бұзып жүр қайран елді жылдан-жылға.  
Шіркін-ай бұрынғылар неткен әділ,  
Бұрмаған нәпсілерін қылтан қылға...»,

деп болыс-билердің бұрмалаушылық әділетсіздіктерін шенеп жазса, «Оқып көр газетімді» атты өлеңінде өз жұртын оянуға шақырады:

«Қалың ел, қазақ енді аш көзіңді,  
Оқып көр газетіңді - өз сөзіңді.  
Әділет, шындық жолын үйретеді,  
Ашады ащы шайдай аң сезімді.  
Айнадай жарқыратып көрсетеді,  
Мін бар ма, колыңа алып, көр өзіңді».

Абай мұрасын бойына сіңірген, үйренген Таңжарық жыл мезгілдерінің өзіндік сыр-баяуларын да бедерлі әрі бейнелі суреттейді. Мұндай мезгілге тән бояуларды дәл тауып ақындық тапқырлықпен әсерлі бейнелейтін суреттер Таңжарық өлеңдерінің өн бойынан табылып отырады. Өйкені ол – «өлеңдерінен образды ой туындатып, мезгілдің өзіне белгі боларлықтай элементтерді жанды игеріп, образдандыра білетін суреткер ақын» [3, 40-б]. Ақынның 1930 жылы жарық көрген «Жаз дидары» дейтін өлеңі мен Абайдың «Жаз» өлеңінде ұқсатық бар. Өзін Абайдың шәкірті есептейтін Таңжарық Жолдыұлының біршама өлеңдерінде, әсіресе табиғат лирикасында Абай сарыны көп кездеседі. Ақын өзінің «Жаз дидары» дейтін өлеңінде:

Жаз шығып, жердің жүзі жайнағанда...  
Иректеп құлын-тайды байлағанда,  
Сары қымыз саба-саба сапырылып,  
Самаурын тыста тұрып қайнағанда,  
Қызарып қымызбенен екі көзің...  
Көш жанап жастар жылқы айдағанда...  
Жүн сабап, өлең айтып, ән шырқатып,  
Жиылып қыз-бозбала ойнағанда  
Немесе,  
Шуласа қорада қой, сыртта сиыр,  
Желіде айғыр, бие қыңқылдасып...  
Қыз, қатын уық шаншып, қылмыңдасып.  
Шымшылап бірін-бірі, тиіп-қашып,  
Әзілдеп әлденені сыбырласып...  
Сары қымыз тегенде сапырулы,

Ішкен мас, жеген тойып, дуылдасып – деген жолдардан жайлаудағы көріністі, бие байлап мәре-сәре болған ауыл тіршілігін көреміз. Ал Абай суреттеуіне назар аударсақ:

Жаздықүн шілде болғанда...  
Ат, айғырлар, биелер  
Бүйірі шығып ыңқылдап...  
Арасында құлын-тай,  
Айнала шауып бұлтылдап...  
Қыз-келіншек үй тігер,  
Бұрала басып былқылдап,  
Ақ білегін сыбанып,  
Әзілдесіп сыңқылдап  
Және,  
Сабадан қымыз құйдырып,  
Ортасына қойдырып  
Жасы үлкендер бір бөлек

Кенесіп, күліп сылқылдап...

Салтанатты байлардың

Самаурыны бұрқылдап – деп бейнелейді. Екі өлеңде де мазмұн, айтпақшы ой бір. Өзара қиысып, бір-бірінен туысып тұрғаны анық. Екеуінде де жайлау үстіндегі көшіп-қонған жазғы ауыл көрінісі, ауыл тынысы өте әдемі суреттеледі. Тіпті жайдары жазда асыр сала ойнаған жас балаларды суреттеуде де Абай:

Мылтық атқан, құс салған

Жас бозбала бір бөлек

Су жағалап, қутыңдап, - деп бейнелесе,

Таңжарық ақын:

Қуалап бірін-бірі жас балалар,

Сүйрелеп көк шалғынға дырылдасып.

Жылқы боп бірнешеуі кісінесе...

Бұзаудай жетелеген қырылдасып.

-деп суреттейді. Бұл жерде де белгілі дәрежедегі үндестік, сарындық бар. Осы туралы профессор А.Қалиұлы «Абай поэзиясы Қытайда» атты зерттеуінде: «Бұдан да үндесіп, тамырласып тұрған жері, екі ақынның соншалық көп көрініс, мол қимыл, алуан тіршілікті сыналап аз өлеңге сиғызуында; тынымсыз қозғалыс күйін аңғартатын етістіктен ұйқас құрауында... Екі өлеңнің әр жолында бір қимыл, бір тіршілік бар. Бұлар жөніндегі баяндау мен суреттеу өзара кірігіп, баяндау арқылы қимыл, тіршілік дами түседі де суреттеу арқылы қимыл, тіршілік сурет болып көз алдыға елестейді»- деген тұжырым пікір айтады. [4, 57-б].

Таңжарық Жолдыұлының табиғат көрінісін сипаттауында Абай өлеңдерінің әсері айқын байқалып тұр. «Көктем мысалы», «Жаз мысалы», «Жаз таны», «Жаздың бір күні», «Тау табиғаты» өлеңдерінде Абайдың жылдың осы мезгілдері туралы жазған өлеңдерінің әсері бар. Абай әсерін айтқанда, Таңжарықты жадағай көшіруші, жай еліктеуші деп түсінуге болмайды. Абайдан суреткерлікті үйрене отырып, бейнелеу құралдарын орынды тауып қолдану арқылы табиғат көрінісін өзінше суреттейді.

Қорыта айтқанда, Қытайдағы қазақ әдебиетінің классигі, суырыпсалмалық пен жазба дәстүрді қатар меңгерген суреткер ақын Таңжарық Жолдыұлы - Қытай-қазақ әдебиетіне Абайша талғаммен өшпес өлең-сөздің өрнегін қалдырып, әдебиет төрінен үлкен орын алатын мазмұны терең, көркемдік өресі биік асыл поэзияны қалыптастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сырайыл Ысқақұлы. АБАЙДЫҢ ҚЫТАЙДАҒЫ XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ БІҚПАЛЫ (монография) Құлжа, ҚХР

2. Қазақ әдебиетінің тарихы.- 3-кітап, Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2003.

3. Токтаубайұлы М. Ақын Таңжарық өлеңдеріндегі суреткерлік өнер// Іле педагогикалық институты ғылыми журналы.- 1991.- №2, 40 б.

4. Қалиұлы А. Абай поэзиясы Қытайда // Абай парасаты, - Құлжа: Іле халық баспасы, 1995.- 57 б.

## **БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

*Турсунова А.М.,  
«№93 гимназия» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі*

Еліміздің Президенті Н.Назарбаев «Жас отан» жастар қанатының I съезінде елдің болашағы жастармен кездесу барысындағы сөзінде қазіргі жастардың алдына бірталай маңызды міндеттерді қоя отырып: «Әлемнің барлық халықтарында әрдайым парасаттылық, адалдық, үлкендерге құрмет, әйелдерге құрмет, достыққа адалдық, туған Отанға деген сүйіспеншілік бағаланған. Бұл санаттар әрдайым бағалы болады. Өз бойларында нақ осындай қасиеттерді тәрбиелендер. Бұқаралық ақпарат құралдарында батыстық жадағай мәдениеттің рухсыз үлгілеріне қарсы тұра